



## БҰЙРЫҚ

15 маусым 2019 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 100

город Нур-Султан

### Бекіту туралы

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2019 жылғы 07 маусымдағы № 605 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жарғысының 21-тармағын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ЗҚАИ» РМК әкімшілік басқармасының басшысы лауазымдық нұсқаулығы жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «ЗҚАИ» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Саясаты бекітілсін.

3. «ЗҚАИ» РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметкерлер үшін коммерциялық сатып алу жөніндегі (1-қосымшаға сәйкес) және сыйлықтарды, өкілдік шығындарды, қайырымдықтарды және өзге де пайданы шектеу жөніндегі (2-қосымшаға сәйкес) нұсқаулықтар бекітілсін.

4. «Бекіту туралы» 2019 жылғы 12 маусымдағы № 92 бұйрығының бекітілген әкімшілік басқарма басшысының лауазымдық нұсқаулығы күші жойылған деп танылсын

5. Кадр бөлімінің бас маманы А.К. Абдрахманова лауазымдық нұсқаулықпен таныстырсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК әкімшілік басқармасының басшысы – С.Б. Курбановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Директор



Р. Сәрпеков